



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
ҚА.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ

«ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

“TÜRKİSTAN TÜRK DÜNYASININ BEŞİĞİ”
ULUSLARARASI SEMPOZYUMU
BİLDİRİ KİTABI

MATERIALS OF THE INTERNATIONAL
CONFERENCE

«TURKISTAN IS A CRADLE OF THE
TURKIC WORLD»

29 мамыр

Түркістан, 2019

ӘОЖ 378:001
КБЖ 74.58
Т89

Түркістан облысы білім басқармасының «Түркістан облысының әдістемелік орталығының» ғылыми-әдістемелік кеңесінде бастаға ұсынылған, №2 хаттама 26.04.2019 ж.

Редакциялық кеңес:

Садықов Әріпхан Салыбайұлы (төраға)
Әбжет Бақыт Сырымұлы,
Кенжебаев Әлібек Сағымбекұлы,
Тұрсынбаев Абай Зақарович,
Тойшиева Жадыра Ыдырысқызы

Конференция өткізуге жауаптылар:

Кенжебаев Әлібек Сағымбекұлы,
Тұрсынбаев Абай Зақарович,
Панова Айгүл Набыжанқызы

Т89 «Түркістан – Түркі әлемінің бесігі» халықаралық конференцияның материалдары. 29 мамыр. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2019. – 552 б.

ISBN 978-9965-811-13-5

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбындағы мақаласы аясында Түркі тілдес әлемнің рухани астанасы – Түркістан қаласы тарихының, фольклорының, мәдениетінің халықаралық өркениеттегі маныздылығын айқындау, тәжірибе алмасу және пікірлермен бөлісу мақсатында ұйымдастырылған «Түркістан – Түркі әлемінің бесігі» тақырыбындағы халықаралық конференция материалдарының жинағына тарихи сананы жаңғырту, дала фольклоры мен музыкасы, Ұлы даланың ежелгі өнеріне қатысты өзекті мәселелерді қамтитын ғылыми-әдістемелік материалдар енгізілген.

Жинақ білім саласының қызметкерлеріне арналған.

ӘОЖ 378:001
КБЖ 74.58

ISBN 978-9965-811-13-5

© Түркістан облысының әдістемелік орталығы, 2019.

АЛҒЫ СӨЗ

Өмірзақ Шөкеев
Түркістан облысының әкімі

Құрметті конференция қонақтары! Қадірлі зиялы қауым!

Киелі Түркістан жерінде өткелі жатқан «Түркістан – Түркі әлемінің бесігі» атты халықаралық конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Түркістан қаласының түркі әлеміндегі алатын орнын ғылыми тұрғыдан таразылайтын бұл конференцияның маңызы зор.

Түркі халықтары үшін Түркістан қаласының тарихтағы орны ерқашан да кәсірлі. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады» деп атап өтті.

Бауырлас елдердің ортақ тарихында Түркістан киелі мекен, Қожа Ахмет Ясауи түркі халқының ұстазы ретінде дәріптелген. Ясауи жатқан жер «аситане-и саадат» яғни бақыттың астанасы ретінде танылған. Сондықтан Түркістан қаласы зиярат орнына айналған.

Киелі Түркістанда түркі тарихта аты қалған қазақтың 21-ханы, 8-сұлтаны, 21-біі мен 56-батыры мәңгі қоныс тапқан. Осының өзі шаһардың тарихи мәнін айшықтап тұр.

Біз осыларды ескере келе Түркістан облысын дамыту бойынша негізгі 5 бағытты айқындадық. Солардың бірі – Түркістан қаласының тарихи және идеологиялық негіздемесін қалыптастыру. Осыған сәйкес Түркістанды ең ірі зиярат, туризм және колонер орталығына айналдыру бойынша нақты жұмыстар атқарылады. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын дәріптеу бағытында игі істер қолға алынбақ.

2018 жылы қаламызға келген туристердің саны 1 миллионнан асып отыр. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш одан сайын еселене түседі. Өйткені, облыс орталығына айналған Түркістан қаласы шығыстық және заманауи үлгідегі гимараттармен толығырақ.

Елбасының қолдауымен ондаған нысандардың құрылысы жүріп жатыр. Биылдың өзінде әкімшілік-іскерлік орталығы, медиаорталық және саябақ тапсырылады деп жоспарланған. Сонымен бірге шығыс моншасы, амфитеатр, қабылдау орталығы және әуенді субұрқақ та ел игілігіне беріледі. Жаңа мектеп пен тұрғын үйлердің кілті тапсырылады. Алдағы екі-үш жыл көлемінде-ақ өзгерістерді байқайтын боласыздар.

Осы қаламдар арқылы барша түркінің ғылымы мен білімі, діні, руханияты, тарихы, әдебиеті мен музыкасы зерттелетін орталықтар бой көзереді. Қазақ халқының және бауырлас елдердің сәулеті мен қол өнері, аңыз мен жырлары зерттелетін тұркітану ғылыми орталықтары қайта жанданады. Туркология саласы жаңаша дамиды. Ясауи ілімін жалғастырушы шәкірттерінің әлемге тараған мұралары осындағы ғылыми орталыққа жинақталады.

Қасиетті Түркістанның әлемдік тарихтағы орнын зерттеуді мақсат тұтқан халықаралық конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАН ЖӘНЕ ДІНИ САҚРАЛДЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бақытжан Сатершинов
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының бас ғылыми қызметкері,
философия ғылымдарының докторы, профессор

*«Түркістан – екі дүние есігі зой,
Түркістан – ер түріктің бесігі зой»*

Қазақтың тұңғыш сыршыл ақыны Мағжанның эпиграфқа алынған бұл қос жол өлең сөзі ұғым мен идея ретіндегі «Түркістан» концептінің бүкіл рухы мен өзегін, сығымдалған мәні мен мағынасын беріп тұр. Біріншіден, жергілікті халық арасында «екінші Мекке» атанған Түркістанның сақралды қасиетін меңзеп тұр. Ал екіншіден, бұл киелі өңірдің күт дарыған түркі нәсілінің өсіп-өнген мекені екендігі айтылып отыр. Мындаған жылдық тарихы бар және егемен еліміздегі ең ірі облыстың орталығына айналған «орт қақпалы Түркістанның» тегіндегі «Түркістан – Түркі әлемінің бесігі» атты бүгінгі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында айтылғандай, тарихи сананы жаңғырту аясында өткізіліп отыр.

Аталмыш мақалада «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің ер түкіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елесулі үлес қосқаны» деп айтылады [1]. Сондай-ақ, бұл мақалада мемлекеттік және қоғамдық деңгейде атқарылуы тиіс бірқатар жобалар баса көрсетілген. Мейлінше маңыздылығымен сипатталатын солардың біріне тоқталсақ: «...жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет. Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады» [1].

Түркістанның сақралдылығы туралы сөз қозғамас бұрын, осы «Түркістан» терминінің тарихи-географиялық мағынасын ашып, оның «Орталық Азия», «Дала», «Еуразиялық кеңістік» және т.б. ұғымдармен байланысын айқындап алу қажет. «Орталық Азия» термині осы күнге дейін өзінің көпқырлы түсінігін сақтап келеді. Біздің еуразиялық Дала туралы айтатынымыз сияқты, мәселені кеңінен қойып, Орталық Еуразияны бөліп көрсететін көзқарас та бар. Бұл ұстаным Д. Синордың кітабында келтірілген картада бейнеленген [2]. Әдебиеттерден біз «Ішкі Азия» деген терминді де табымыз (Индияна университетіндегі зерттеулер орталығы тап осылай аталады). ЮНЕСКО-ның қолданатын Орталық Азияның анағұрлым тар мағынасы да бар. «Орталық Азия өркениеттерінің тарихы» деп аталатын

отырған.

Тарихымен тілдескен, болашақпен үндескен Түркістан тәуелсіздік жылдарында қайта түлеп, ажарланып келеді. Мың бес жүз жылдығы ЮНЕСКО көлемінде атап өткен шаһарда Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық казак-түркі университетінің арқасында үлкен ғылыми-шығармашылық орта қалыптасты. Өткен жылы ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының шешімімен Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы атанып, оның даңқы шартарапқа тарайды.

Қасиетті Түркістанның Қазақ елі үшін ғана емес дүние түркілерінің ғажайып орталығы болуға мүмкіндігі зор.

Біріншіден, Түркістан географиялық тұрғыдан өте қолайлы орналасқан қала.

Екіншіден, Түркістанда 365 күннің 340-345 күні ауа райы ашық. Климаты жұмсақ. Жыл он екі ай бойы теңізден соғатын бриз секілді Қаратаудан самал есіп тұрады.

Үшіншіден, Түркістаннан Қазылордаға қарай солтүстік жақ тегіс, ашық дала, қаланың дамуына мүмкіндік мол.

Төртіншіден, қаланың шығысында Қаратау тұр, батысында Сырдария ағып жатыр. Табиғи туризмді дамытуға қолайлы.

Бесіншіден, қазақ мемлекеттігін қалыптастыруда ерен ерлігімен танылған атақты хандарымыз, би батырларымыз жерленген киелі топырақ.

Алтыншадан, Түркістанның бай тарихы бар, оны терең зерттеу керек. Жетіншіден, Қ.А. Ясауидей дана, әулие мәңгілік байыз тапқан жер.

2017 жылдан бері тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы іспетті «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолға алдық. Осының нәтижесінде барша адамзат тарихымен ұштасатын тарихи-мәдени мұраларымыздың ғылыми айналымдағы өрісі кеңейді. Даңқты бабаларымыздан мирас болған рухани қазыналар халқымызды өткеннің өшпес өнегесімен қауыштырып, жарқын болашаққа жол аштыруда.

Түркі әлемінің шығу тарихы, тілі, даму жолын білімдер оқымысты лингвист, атақты ақын, үлкен қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов ұзақ жылдар зерттеп келеді. Ірі-ірі әлемдік конференция, симпозиум алқалы жиындарда ол дүниежүзінің оқымыстыларын елең еткізер тың дерек, дәйекті тұжырымдар айтып жүр. Сонау көне тарихтағы біздің дәуірімізге дейінгі арғы кезеңдегі түркі әлемінің дүниеге келуі, таралуы, өркениетке қосылуы жайлы құнды ойларымен баршаны танырқатып, қызықтыруда.

Түркі әлемі жан-жақты зерттеле беретін мәңгілік тақырып.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
Олжас Сулейменов	4
СОКОЛ НАД ПИРАМИДОЙ	4
Жилбаев Ж.О., Мукашева М.У., Сейдина М.З.	
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІ	
ДАМЫТУДАҒЫ Ғ. АЛТЫНСАРИН МЕКТЕПТЕРІНІҢ РӨЛІ	16
Қапалбекұлы Н.	
ТАРИХПЕН ТІЛДЕСКЕН, БОЛАШАҚПЕН ҮНДЕСКЕН	
ТҮРКІ ӨЛЕМІ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ЖАЙЛЫ ОЙ ТОЛҒАУ	21
Сатершинов Б.	
ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАН ЖӘНЕ ДІНИ САКРАЛДЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	27
Егоров Н.И.	
ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПАЛЕОНТОЛОГИЯ И	
ЭТНОЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ИСТОРИЯ ПРОТОТЮРКОВ	31
Бахадырова С.	
ЕЖЕЛГІ МАССАГЕТТЕР: ТОМИРИС ЖӘНЕ	
ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚ ЭПОСЫ «ҚЫРЫҚ ҚЫЗ»	41
Меметов А.	
ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ О ДРЕВНИХ	
ЖИТЕЛЯХ СЕВЕРНОГО ПРИЧЕРНОМОРЬЯ	47
Мусаев С.Ж.	
ТҮРК ТИЛДЕРИНДЕГІ УНҒУ МАСЕЛЕСІ	
ЖАНА Б.М. ЮНУСАЛИЕВ	52
Мусаева Т.С.	
ВАРИАНТТУУЛУЖАНА АНЫН ЖАЛПЫ МАСЕЛЕЛЕРІ	59
Құдасов С.Ж.	
АРМИЯ ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІН	
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ	65
Садықова С.З.	
КЕП ТЕХНИКАСЫ ЖАНА ТҮРК ТИЛДЕРИНДЕГІ	
АГГЛЮТИНАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ	72
Мұстапаева Д.	
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНА	
ЖЕРЛЕНГЕН ШӨКІРТТЕРІ	82
Жиенбаев Е.Б., Джумабаева Ш.К.	
KEMAL TANIR'IN NİKÂYESİLERİNDE KÖY TEMASI	86
Жолдыбаева Н.Ж.	
ТАРИХ ТАҒЛЫМЫ: Қ.А. ЯСАУИ МУРАСЫ	92
Akhmadieva N.M., Adaeva I.M., Aldazharova G.K.	
TRADITIONS AND SPIRITUAL HERITAGE OF YASAWI	98

аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Білім және ғылым саласын цифрландыруды дамыту бойынша 3 бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Біріншісі – орта білім жүйесін ақпараттандыруды дамыту, екіншісі – білім беруді және ғылымды басқару процесін автоматтандыру, үшіншісі – IT мамандарды даярлау.

Министрлік жүргізіп жатқан екінші бағыт – білім жүйесін басқару процесін автоматтандыру. Осыған сәйкес, балабақшаларға кезекке тұру және жолдама беру кезегін автоматтандырудың жаңа стандарты бекітілді. Мектептерге қабылдау, өзара ауысу электронды режімде іске асырыла басталды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында еліміздегі оқу орындарына жаңа технологиялар қаржылды түрде енгізілуде. Мәселен, қазірдің өзінде «Күнделік» ақпараттық жүйесі жұмыс істеп тұр.

Бүгінде «электронды үкімет» қызметтері қазақстандықтардың барлық өмір сүру қадамында – дүниеге келгеннен бастап зейнеткерлікке шығуына дейін бірге жүреді. «egov.kz»-те баланың туылғанын тіркеуге және куәлік алуға, балабақшаға кезекке тұруға, ЖОО-на құжаттар талсыруға, некеге тұруға, медициналық ұйымнан таңдауға болады, мұнда тегін көмек көрсету көлемін алу мүмкін. Қазіргі кезде «egov.kz» арқылы салықты, мемлекеттік бажды, жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлды, телефон байланысын төлеуге болады. Осылайша, мемлекеттік басқару жүйесін цифрландырудың кезі – «электронды үкімет» арқылы жүзеге аса басталды.

Иә, «Электрондық үкімет» жүйесінің қаншалықты тиімді екенін жұртшылықтың бәрі бірдей біледі деп айта алмаймыз. Бұрынғыдай мемлекеттік мекемелерге барып кезек күтіп, есік-есікті қағып, әуре-сарсаңға түсуден арбыла алмай жүргеніміз рас. Өкінішке орай, қазіргі кезде «электрондық үкімет» түпті кейбір ауылдарда әлі күнге дейін ғаламтордың не екенін білмейтін халық бар. Ауыл түгелі аудан орталығында қазір көпшілік «электрондық үкімет» емес, әкімдердің, министрлердің блогынан хабарсыз. Сондықтан электрондық үкіметті насихаттау жұмысы әлі де қарқынды жүргізілуі қажет. Электрондық үкімет уақыт үнемдеу ғана емес, елдегі сыбайлас жемқорлықпен күресің тиімді жолын қарастырады. Бұл қызмет халыққа қызмет көрсету орталықтарынан шалғай орналасқан өңірлер үшін аса тиімді. Бұл жүйені енгізу барысында да қиыншылықтар кездесіп жатағыны да бар. Атап айтқанда компьютерлік білместік, интернет жүйесінің жоқтығы, төлемақы алатын банк карталары болмағандықтан мемлекеттік баж салығын төлеуге қиындық тудырады. Жаңа жүйені халыққа насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жариялап, жергілікті телеарна арқылы жүгірмелі жолда хабарландырулар беріп, дөңгелек үстел, ашық есік күндері, семинар-кеңестер ұйымдастырылып, халыққа мол мағлұматтар беріліп келеді.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауынан.